

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Тәжен ауылы әкімінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 01-05/16 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 мамырда № 4530 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Тәжен ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "Транстелеком" акционерлік қоғамына, талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан Тәжен ауылының аумағында орналасқан жалпы алаңы 0,5538 гектар жер учаскесіне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Тәжен ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы ( А.Жұмаханов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тәжен ауылының әкімі*

*С. Кокаев*